



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B01509- Информатика және робототехника

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Білім беру роботтарын жасаудың базалық технологияларын меңгерген және жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі бар, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті бәсекеге қабілетті информатика мұғалімін даярлау: білім беруді цифрландыру; қазіргі ғылыми-әдістемелік деңгейде информатика мен АКТ оқытуды ұйымдастыру; пәндік-тілдік интеграцияланған оқытуды қолдана отырып, информатика саласында оқушы тұлғасын тәрбиелеу және жүйеленген білімді қалыптастыру.
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	Оқыту: оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді; Тәрбиелеуші: білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қосады; Әдістемелік: білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады; Зерттеушілік: білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді; Әлеуметтік-коммуникативтік: кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-әрекетті жүзеге асырады.

## ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

**ОН1-** Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы мен философиясының теориялық негіздері мен әдіснамалық тәсілдерін түсінеді, экономикалық деректер мен процестерді, Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі қазіргі заманғы тарихи оқиғаларын өз бетінше талдайды және болашағын жоспарлайды және академиялық адалдық мәдениетін қолданады;

**ОН2-** зерттелетін тілді тұлғааралық және мәдениетаралық өзара іс-әрекет міндеттерін шешу үшін пайдаланады, сыни талдау әдістемесін меңгерген және мемлекеттік, орыс және шет тілдерін өз бетінше игеруде ақпараттық технологияларды және пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту тәсілінің қағидаттарын пайдаланады

**ОН3-** зерттеу қызметі мен академиялық жазудың қолданбалы әдістерін қолданады, тәжірибеге бағытталған есептерді шешу, сандық мәліметтерді талдау үшін математикалық білімдер мен әдістерді қолданады. Компьютерлік есептеулердің математикалық негіздері саласындағы есептерді өз бетінше шешудің базалық біліктер кешенін меңгерген;

**ОН4-** ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, сандық технологияларды, интерактивті қосымшаларды (желілік, мобильді, бұлтты) қолдана отырып, кәсіби қызметтің стандартты міндеттерін шешеді және әрі қарай оқуды өз бетінше жалғастыру дағдыларын меңгереді;

**ОН5-** заңдылықтарды сыни тұрғысынан талдайды және олардың негізінде ақпараттық, физикалық, биологиялық және экономикалық объектілер мен процестерді визуалдау және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін компьютерлік модельдерін жасайды;

**ОН6-** ғылымдағы жаңа бағыт мехатроника, электрониканы қолданудың негізгі принциптері, роботтардың механикалық құрылымдарын жобалау әдістері, роботтехникалық жүйелерді бағдарламалау принциптері мен арнайы тілдері туралы жалпы түсінікке ие;

**ОН7-** есептеу техникасының, компьютерлік жүйелер архитектурасының тарихы мен даму үрдістерін, Компьютерлік желілер мен жүйелерді құру және жұмыс істеу принциптерін меңгерген, деректерді жобалау мен деректер базасын әзірлеудің негізгі әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалаудың заманауи құралдарын, жаңартылған білім беру мазмұнында информатика мен АКТ оқытудың ерекшеліктерін қолданады. Оқушылардың зерттеу және жобалық қызметімен және оқытудың басқа да инновациялық әдістерімен байланысты әдістерді қолданады;

**ОН8** - базалық программалау тілдерінің құралдық орталарында жұмыс істейді; Web және мобильді қосымшаларды әзірлеу үшін кәсіби-бағытталған бағдарламалық құралдарды және интеграцияланған ортаны пайдаланады; объектілердің, құбылыстардың, жүйелердің, ақпараттық және компьютерлік модельдерін, оның ішінде 3D модельдерді құрады.

**ОН9** - ғылыми қарым-қатынастың мықты жақтарын талдайды, білім мен тәжірибенің ағымдағы жағдайын сыни бағалайды, нақты кәсіби мақсаттар үшін жаңа білім мен дағдыларды игеру жоспарын әзірлейді, енгізеді және жетілдіреді; информатиканы оқыту процесін жетілдіру мақсатында әріптестерімен ынтымақтастықта жұмыс істейді.